

ТАҚЫРЫП 9. JAVA ТІЛІНДЕ БҰЛТТА ЕСЕПТЕУ

Жоспар:

- 1.1 Бұлтта есептеу ортасы түсінігі.
- 1.2 Бұлтта есептеу орталары
- 1.3 Java тілінде бұлтта программалау

Жұмыстың мақсаты:

- бұлтта есептеу ортасымен таныстыру;
- бұлтты есептеу ортасын қолдануды үйрету (Java тілінде).

Кілттік сөздер: бұлтта есептеу ортасы, Java.

Әдебиет:

1. <http://ideone.com/fork>

Жұмысты орындау үшін аппараттық-программалық қамтама: компьютер, web-браузер (Google Chrome, Internet Explorer немесе Mozilla Firefox), Интернет қолжетімділігі, gmail.ru.

9.1 Бұлтта есептеу ортасы түсінігі


Егер сізде Интернет бар, алайда арнайы программалау тілінде тапсырманы орындайтын компилятор болмаса, бұлттық есептеу қызметін қолдануға болады.

Бұлтта есептеуді орындау үшін www.Ideone.com тегін сайтын қолданамыз.

Ideone - онлайн-компиляторлар мен ретке келтіру құралы болып табылады. Ол қолданушының негізгі кодын компиляция жасауға және Интернетте онлайн режимде 60-тан астам программалау тілдерінде орындауға мүмкіндік береді.

9.2 Бұлтта есептеу орталары

Қолдану үшін программалау тілін көрсетіп, негізгі кодты енгізіп және *Run* [1] командасын басу жеткілікті:



Осы сабаққа *Java* тілін таңдадық. Экранға 22 санын шығару мысалы келтірілген. Ол үшін *Java* программалау ортасы үшін берілген шаблонға келесі кодты қоямыз (суретте көрсетілгендей):

```
intb=22;  
System.out.print(b);  
System.out.println();
```

Терезе соңында программа жұмысының нәтижесі көрінеді.



9.3 Java тілінде бұлтта программалау

Мысал: 5 элементтен тұратын массив құрыңыз, оны 2, 12, 22, 32, 42 сандарымен жариялаңыз және массив элементтерін консольға шығарыңыз.

```
//создание и инициализация массива  
int[] numberArray = newint[5];  
for(intz = 0; z< 5; z++){  
    numberArray[z] = z*10+2;  
}  
//мәндерді консольға шығару  
for(int z = 0; z < 5; z++){  
    System.out.println((z+1) + "-массив элементі = " + numberArray[z]);  
}
```

Редактор терезесінен мәзір тармақтарын қолданыңыз: өңдеу, *fork*, жүктеу, сонымен қатар негізгі терезедегі *Мәзір* қатарының тармақтары – программа текстерімен жұмыс жасау үшін.

Бақылау сұрақтары

1. Ideone түсінігі нені білдіреді?
2. Онлайн-компилятор дегеніміз не?